

Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені

**«Ертөстік » ересек тобының  
жылдық есебі.**

Тәрбиеші: Бітімбай М

Түркістан 2020-2021ж

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінің

«Ертөстік» ересек тобы тобының жылдық есебі.

Тәрбиешілер: Бітімбай М

2020-2021 оқу жылының 2 қыркүйек айында Бітімбай М «Ертөстік» тобына бекітілген. Аталған топта 13 қыз 12 ұл, барлығы 25 бала бар. Жас ерекшелігі – 4-5 жас.

Жыл бойы балалар жасына сәйкес дамыту бағдарламалық материалдарды оқыған және дамудың барлық бағыттары бойынша оң динамиканы көрсетті. Барлық балалар балабақшаға жақсы бейімделген. Сапалы тәрбие жұмыс өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандым:

1. Ойын.

2. Үлкендерден үлгі алу.

3. Табиғат объектілері.

4. Заттық әлемі.

Жұмыс түрлері;

1. Ата-анамен жұмыс.

2. Балалардың өзіндік еңбегі.

3. Баламен тәрбиешінің қарым қатынасы.

Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шынықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренді. Күнде 8-10 минут көлемінде таңертенгілік гимнастика өткізілді. Дене шынықтыру сабағы аптасына 3 рет топтың ішінде өтті. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді, бір-біріне соғылып-қағылмай, бір орында екі аяқпен секіруді және алдыға жылжуымен, допты лақтыруды оны сырғанатуды т.б қимылдарды жасауды меңгерді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиешілер қол жууды, әсіресе ас алдында,

серуеннен келгенде, өзінің жеке сүлгісімен сүртінуді біледі. Жеке заттарымен - тарак, жеке орамал, жеке түбегімен қолдануды үйренді.

Үстел үстіндегі мінез-құлықтары да қалыптасқан балалар тамақты таза жеуге үйренді, көбісі алжапқышты пайдаланбайды. Дастархан басында сөйлемеді, тамақты дұрыстап шайнауды, қасық ұстауды майлықпен қолдануды меңгерді.

Киімдерді дұрыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қоюды, көмексіз киінуді үйренді. Біраз бала ғана үлкендердің

көмегімен шешінеді.

Айналамен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілді. Біз қоршаған ортаның жақын нысандарымен балаларды таныстырдық. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен, үлкендердің еңбегі туралы мағлұмат бердік. Нәтижесінде барлық балалар әртүрлі ойыншықтар, жиһаз, киім-кешек, ыдыс-аяқ, көкөністер мен жеміс-жидек, көліктер атауларын біледі. Барлық тәрбиеленушілер сондай-ақ топтық бөлмелерде бағытталған. Олар өз атын, тегін және ата-анасының, тәрбиешінің, тәрбиеші көмекшісінің атайды.

Көп көңіл балалардың табиғат біліміне аударылды. Құстар, үй жануарлар, жабайы аңдарды ажырата біледі. Біз табиғи құбылыстар – жапырақ түсу, қар жауу, гүлдер, талдартүрлерін т. б табиғаттамашаларын бақылауды үйреттік.

Қазір балаларамандасу, қоштасуды, сұранудеген сөздерді жақсы біледі. Әртүрлі сұрақтарға бос жауап береді.

Жыл сонында балалар түрлі түсті заттарды топтастыруды біледі, алға, артқа, биік, төмен, қысқа, ұзын, пішіндерді, түстерді, ертегінің кейіпкелерін т. б түсініктерді меңгерді.

Жыл барысында топта мере келер аталып өтті.

Әр баланың жеке-тұлғалық сапасын жетілдіру және оларды дамыту мақсатында 5 - сала бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілді.

2020-2021 оқу жылына арналған жылдық міндеттемелерді педагогикалық кеңесте қарап бекітілді.

1. Балалардың денсаулығын нығайту үшін, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігі әрекеттерінің тиімділігін арттыру.

2. Балалардың ауызекі сөйлеу мәнерін жеткізе, ертегіні кейіпкерлендіру барысында диалогтық, монологты қарым-қатынасын ескеріп байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Осы алынған жылдық міндеттемеге байланысты көптеген жұмыстар жүргізілді.

-«Денсаулық» саласы дене шынықтыру.

-«Қатынас» білім беру саласы сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу.

-«Әлеумет» білім беру саласы бойынша, драма.

-«Таным» білім беру саласы қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, қоршаған ортамен танысу, экология негіздері, құрастыру ұйымдастырылған.

Сөйлету дамыту оқу қызметі бойынша балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту жұмыстары

бойынша оқу қызметі барысында және оқудан тыс уақытта дидактикалық, сөздік, сюжетті рөлді ойындар, сурет бойынша әңгімелесу шаралары бойынша ұйымдастырылып отырды.

Көркем әдебиет оқу қызметі барысында өлең, тақпақтар жаттатылып ертегілер оқу, ертегіні сахналау жұмыстары жүргізілді.

-«Шығармашылық» саласы бойынша балалардың жетістіктері жақсы болды, өте жақсы меңгерген балалар бар. Солай дей тұра, қайшыны қолдана алмайтын балалармен тиісті жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесін балалардың бойынан көрінеді. Түстерді бір-бірінен ажыратады, таниды. Шығармашылық белсенділіктерін таныта білді.

«Таным» саласы бойынша математика, құрастыру оқу іс-әрекеттері бойынша қойылған мақсаттар менгеріліп, балалар геометриялық пішіндерді, заттарды салыстыруды, кеңістікті бағдарлай білуді үйренді.

Дегенмен, қиналған балаларда болды, олармен жеке жұмыстар жүргізілді. 5-ке дейін тура, кері санайды, мезгілдерді ажырата алады.

Цифрларды 5-ке дейін жазады. Геометриялық пішіндермен денелердің айырмашылығын біледі, олар: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.


Қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері оқу іс-әрекетінде балалардың меңгеруі жақсы, қиындық туызған тақырыптар бойынша жеке жұмыстар жүргізілді. Балалар өзіміздің жеріміздің табиғатын, жан-жануарларын, өсімдіктерін таниды және қорғау керектігін біліп үйренді, балалардың қабылдауын жақсы деп бағалауға болады.

Сонымен қатар:

-Тіл мерекесіне «Ана тілім тірегім, тірлігімнің айғағы»

-«Ұстаздарға мың алғыс» тәрбие сағаты

-«Алтын күз» ертеңгілік



-«Қош келдің Жана жыл»атты карнавал кеші өткізілді.



- «Жүзден жүйрүк мыңнан тұлпар» атты тәрбиешілер арасында сайыс өтті.



-«Қош келдің әз-Наурыз»атты тәрбие сағаты өткізілді.




-«Аналар асыл жандар»өзін-өзі тану аягында бүлдіршіндер марапатталд



«Аяулы -ана»атты мерекелік іс шара өткізілді.



-«Көктемгі гүлдер, ағаштар» АҮОК



-9-МАМЫР жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді.

